

ӘОЖ 94 (4/9)

Қ.Ә. Жүніс

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: kajjin@rambler.ru

### Үлкен Таяу Шығыс: аймақтық саясат

**Аңдатпа.** Таяу Шығыс – бүгінде АҚШ пен басқа батыс елдері монополияларының бақылауында орналасқан мұнай қорының шоғырланған аймағы болып есептеледі. Таяу Шығыс мұнайына көбінде Батыс Еуропа мен Жапония экономикасы мұқтаж. Мұнай үшін күрес елеулі дәрежеде аймақтағы державалар саясатын анықтап отыр. XX ғасыр мен XXI ғасыр басын қамтыған аралықта әлемдік қоғамдастық осы жерде қатаң халықаралық, қазір болса қарулы күрестің, әлемдік нарықта аймақтық мұнай үшін, яғни «мұнай долларларын» пайдалану үшін күрестің куәгеріне айналды.

**Түйін сөздер:** Таяу Шығыс, АҚШ, мұнай, Газа секторы, Иерусалим.

Ұзақ жылдар бойы Таяу Шығыс аймағында дағдарыстар мен қақтығыстардың қатерлі ошақтары сақталып келеді. Израиль мен араб елдері арасындағы соғыстар, Иран-Ирак соғысы, Парсы шығанағындағы соғыстар, тікелей қарулы интервенциялар мен үздіксіз сырттан араласу, жекелеген араб елдері арасындағы қатынастардың шиеленісуі, азаматтық соғыстар мен қантөгісті ішкі талас-тартыстар нәтижесі аймақты әлемдегі ең қызу ошағына айналдырды.

Таяу Шығыс – бүгінде АҚШ пен басқа батыс елдері монополияларының бақылауында орналасқан мұнай қорының шоғырланған аймағы болып есептеледі. Таяу Шығыс мұнайына көбінде Батыс Еуропа мен Жапония экономикасы мұқтаж. Мұнай үшін күрес елеулі дәрежеде аймақтағы державалар саясатын анықтап отырады. Таяу Шығыстың стратегиялық маңыздылығы да жоғары, оған Парсы шығанағында АҚШ әскери күштерінің орналасуы (Сауд Арабиясындағы 28 мың америкалық әскер, Парсы шығанағындағы АҚШ және Англияның әскери-теңіз армадасы, Түркиядағы әскери-әуе базалары, т.б.) дәлел бола алады<sup>1</sup>.

2001 жылы қаңтар айында РФ СІМ-де сөйлеген сөзінде президент В. Путин

<sup>1</sup> Олимпиев А.Ю. Ближний и Средний Восток: актуальные проблемы международных отношений: Монография. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.

экономикалық дипломатия үлес салмағын арттыруға ерекше көңіл аударды және оның шетелде елдің экономикалық мүдделерін қорғау және алға жылжыту үшін тиімді пайдалануының қажеттілігін баса көктеп айтты. Соңғы кезде Ресейдің араб елдерімен, сонымен қатар Израильмен де тауар айналым көлемі баяу болса да, ұлғайып келеді. Жыл сайын аймаққа жүз мыңға жуық ресейлік саяхатшы барады. Бірқатар араб елдерімен әскери ынтымақтастық жемісті дамып келеді. Ресей үшін стратегиялық маңызды болып табылатын нәрсе – Таяу Шығыс елдеріне шекараларының жақын орналасуы. Кейбір мәселелер (Шешенстандағы араб жауынгерлері) Ресейдің ішкісаяси жағдайына тікелей әсерін тигізуде. Таяушығыстық реттеу жөніндегі Мадрид бейбіт конференциясының төрағаларының бірі (АҚШ-пен қоса) ретіндегі Ресей беделі басқа ұлы державалармен, Азия, Африканың көптеген беделді елдерімен диалогты өрбітуге мүмкіндік береді.

Таяушығыстық реттеудің өзегі Палестина мәселесі болып табылады, оның шешілуі 1967 жылы Израильмен басып алынған барлық араб жерлерінен Израиль әскерлерін толығымен шығаруды, сонымен қатар Палестина халқына өзін-өзі анықтауға және дербес тәуелсіз мемлекет құруға құқықты беру көздейді. Осыған байланысты Таяу Шығыс мәселесінің әділетті шешілуі мақсатында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің

Палестина халқының өзінің тәуелсіз мемлекетін құру құқығын таныған 1967 жылы 242 қарарын, 1973 жылы 338 қарарын және БҰҰ Бас Ассамблеясының көптеген қарарларын орындау қажет.

1991 жылы 30 қазан және 1 қараша аралығында Мадрид қаласында Таяу Шығыс мәселесі жөніндегі бейбіт конференция өтті. Мадрид процесінің палестиналық бағытындағы алғашқы алға жылжулар 1992 жылы Израильде билік басына И. Рабин басшылығындағы үкіметтің келуімен белгіленді. Израиль сол кезде Палестинаны азат ету ұйымымен (ПАҰ) байланысқа түспеу тыйымын алып тастады. Осло қаласында қақтығысты реттеу мәселелері жөнінде Израиль мен ПАҰ арасында тікелей жабық келіссөздер өткізілді. Сол уақытта Израиль Сириямен қақтығысты реттеуде ҚК 242 қарарын қолдана алатындығын және оның Ливанға қатысты аймақтық талаптарының жоқ екендігін мәлімдеген болатын.

1993 жылы 13 қыркүйекте Вашингтон қаласында Израиль мен ПАҰ, ал Мадрид конференциясы төрағалары атынан АҚШ мемлекеттік хатшысы мен РФ сыртқы істер министрі «Уақытша өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру қағидалары жөніндегі декларацияға» қол қойды. Оған сәйкес Палестина-израильдық келіссөздердің мақсаты болып Батыс жағалау мен Газа секторында уақытша палестиналық өзін-өзі басқаруды орнату және болашақта «біртұтас аймақ» деп қарастырылатын бұл аудандардағы билік ететін Палестина Кеңесін сайлау өткізу негізінде бекіту жарияланды. Алғашқы қадам ретінде Газа секторы мен Иерихон (Батыс жағалау) аймағында палестиналық өзін-өзі басқаруын қорғаныс, қауіпсіздік, сыртқы қатынастар Израиль прерогативасында қалу шартымен енгізу қарастырылды.

1994 жылы 4 мамырда Каирде Израиль мен ПАҰ арасында бес жылдық өтпелі кезенді белгілеу туралы келісімге қол қойылды. Бұл мерзімнің аяқталуына қарай (1999 жылы) келіссөздер арқылы Иерусалим беделі, босқындар, қоныстар мәселелері, қауіпсіздік шаралары мен шекара, сонымен қатар көршілес елдермен ынтымақтастық туралы мәселелерді шешу ұйғарылды. Көріп отырғанымыздай, Таяушығыстық реттеудегі ауыр әрі басты мәселелердің бірі болып табылатын Палестина мемлекетін құру Мадрид процесінен тысқары

шығарылды. Арабтардың Шығыс Иерусалимге құқықтары да бекітілмеді.

Алайда біртіндеп Палестина-Израиль келіссөздерін одан әрі жалғастыруға жағдайлар қалыптасып, 1998 жылы 23 қазанда Уай-Плантейшн (АҚШ) мекенінде Я. Арафат, Б. Нетаньяху, Б. Клинтон (делдалдық қызмет) Израиль мен Палестина әкімшілігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжатқа сәйкес Израиль Батыс жағалауы аймағының тағы да 13%-нан өз әскерін сатылы шығаруына келісті, нәтижесінде, келісімшарттарының орындалуы жағдайында, Палестина әкімшілігі жаулап алған аймақтың 40%-ына ие болар еді<sup>2</sup>. Келісім Палестина тұтқындарының Израиль түрмелерінен босатылуын да қарастырды. Палестиналық тарап лаңкестікке қарсы күресті күшейтуге және Израильдің өмір сүруінің өзін күмәнді деп көрсеткен Палестина ұлттық хартиясының баптарының күшін жойғандығын растауға міндеттенді. Сонымен қатар келісімге Палестина әкімшілігін Батыс жағалау мен Газа секторы мәртебесінің өзгеруіне алып келе алатын кез келген әрекеттерден сақ болуын міндеттеген арнайы пункт енгізілді. Соңғы мәселе Арафаттың 1999 жылы 5 мамырда аяқталып келе жатқан бесжылдық өтпелі кезең тәуелсіз Палестина мемлекетінің құрылуымен аяқталуы керектігі жайлы мәлімдемелерін ескере отырып, ерекше маңызға ие болды.

Оқиғалардың кейінгі даму желісі Б. Нетаньяху үкіметінің Палестина кеңесінің Я. Арафаттың қысымымен Палестина ұлттық хартиясынан оның одиозды баптарын алып тастау үшін дауыс бергеніне қарамастан, түрлі сылтаумен «Уай-Плантейшн келісімінің» негізгі шарттарын орындаудан бас тартқанын көрсетті. Бұл жағдайда Я. Арафат тәуелсіз Палестина мемлекетін біржақты түрде жариялау ниетіне әлемнің ыңғайын бұру мақсатымен Еуропа мен Азияның көптеген елдеріне сапар шекті. Алайда еш жерде, оның ішінде Ресейде де, ол қолдау таппады. Палестина басшысына мұндай қадамның Таяу Шығыста шиеленістің одан әрі күшеюіне алып келіп, Мадрид процесі шеңберінде қол жеткізілген палестиналықтардың жетістіктеріне қауіп төндіретінін түсіндірді. Нәтижесінде, Па-

<sup>2</sup> Лосев С.А., Тыссовский Ю.К. Ближневосточный кризис: нефть и политика: новые полит-экон. Факторы и их влияние на расстановку сил в регионе. – М.: Междунар. отношения, 1980.

лестина кеңесінің шешімімен тәуелсіз Палестина мемлекетін жариялау туралы мәселе шексіз уақытқа кейінге қалдырылды.

1999 жылы сәуір айында Ресей, АҚШ, араб және еуропалық елдер қатары, Жапония, Израиль және Палестина автономиясының қатысуымен Таяу Шығыс жөнінде Бейбіт конференцияны өткізу туралы ұсынысын жасады. Ресей ұсынысын мемлекеттердің көпшілігі, оның ішінде Египет, Сирия және Палестина автономиясы да қолдап шықты. Бұл конференция Мәскеу қаласында 2000 жылы қаңтарда өткізілді. Дегенмен оның қабылдаған шешімдері жалпылама сипатқа ие болып, іс жүзінде Мадрид процесінің барлық бағыттарындағы келіссөздерді жандандыру үндеуімен шектелді.

2000 жылы маусымда Кэмп-Дэвидте Я. Арафат пен Я. Барак арасында Б. Клинтон делдалдылығымен келіссөздердің жаңа кезеңі өтті. Келіссөздер Шарм-Аш-Шейх пен Таабада жалғасып, 2001 жылы қаңтарына дейін созылды. Бұл келіссөздердің нәтижесінде ешқандай келісімдерге қол жеткізілмеді. Дегенмен тараптар Палестина мәселесінің маңызды аспектілері жөніндегі келісімдерге қол жеткізе жаздады, оған жақын болды. Осылайша тараптар алғаш рет Шығыс Иерусалимде екі егемендіктің бар болу мүмкіндігін мойындады, алайда мешіттер кешенінің (Әл-Ақса, т.б.) мәртебесі жөнінде белгілі бір келісімге келе алмады. Сонымен қатар араб босқындарының өз жерлеріне жекелеп оралуы туралы келісімге қол жеткізілді, бірақ жалпы алғанда Палестина босқындарының мәселесі (олардың саны қазірде 4 млн.) түбегейлі өзгеріске ұшыраған жоқ. Израиль 1967 жылы басып алынған араб жерлерінен кетуге келіскендей болды, Батыс жағалауы аумағының 5-6%-ын есептегенде, онда израильдік қоныстар шоғырланған. Оның орнына ол арабтарға басқа жердегі аумақтың 5-6 пайызын беруді ұсынды. Израиль қоныстарға қатысты мәселеде қатаң бағытты ұстанды, алайда олардың жаулап алынған жерлерде орналасуы халықаралық құқыққа қайшы келеді.

Дегенмен, жалпы алғанда, Израиль Палестина жерлерін босатудан бас тартқаны және бас тартып келе жатқаны айдан анық. Бүгінде палестиналықтар Палестина мемлекетіне тиесілі (А Аймағы) аумақтың тек 18%-ын бақылап отыр. В Аймағында (40% аймақ) формалды түрде ортақ бақылау жүргізілуде, алайда қауіпсіздік

мәселелерін толығымен израильдік тарап қамтамасыз етеді, ал С Аймағы (42% аймақ) толығымен Израиль бақылауында орналасқан<sup>3</sup>.

2000 жылы 28 қыркүйекте оңшылдар жетекшілерінің бірі А. Шарон Израиль үкіметінің келісімімен және 3 мың израильдік әскер мен тәртіп сақшылары қорғауында мұндай іс-әрекеттерді болдыртпау келісімдеріне қарамастан, жағдайды одан әрі ушықтыру мен Палестина мәселесін шешу жөніндегі барлық халықаралық күш-жігерлерге жол жабу мақсатымен Әл-Ақса қасиетті мешітінде болды. Шароннан кейін бірден израильдік әскерлер Әл-Ақса мешітінде құлшылық етіп жатқан мұсылмандарға екі рет атыс-шабыс ұйымдастырды. Израильдік қарулы күштер, оның ішінде танктер мен БТР, барлық Палестина аймақтарын қоршап алып, Батыс жағалау, Газа секторы, Иерусалим арасындағы өту жолдарына жол жапты. Жауап ретінде қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан Палестина бас көтеруі – интифаданың екінші кезеңі басталды.

Келіссөздерде палестиналықтарға Я. Барак үкіметі жасаған жеңілдіктер, әсіресе Израиль әскерлерін Оңтүстік Ливаннан шығару шешімі 2001 жылы ақпанда сайлауда Я. Барактың жеңілуінде шешуші рөл ойнады. Сол кезде А. Шарон егер Я. Арафат біржақты негізде Палестина мемлекетін жариялайтын болса, онда Израиль палестиналықтардың бақылауында орналасқан барлық аймақты аннексиялайтындығын жариялады. А. Шарон Палестина мемлекеті деп айтудан аулақ болды және «мемлекеттік құрылым» терминін қолданды. Ол израильдіктердің қазірде бар қоныстарының сақталуына деген құқықтарын толығымен қорғады. Иерусалим өмірлік Израиль астанасы болып қалу керек. Босқындар мәселесіне келетін болсақ, А. Шаронның пікірінше, босқындарға көмек көрсету олардың қазір орналасқан мекенінде жүзеге асады, мысалы, Иорданияда.

2000 жылы қыркүйекте Таяу Шығыста жағдайдың күрт шиеленісуінен кейін Ресей бағыты Израильге де, палестиналықтарға да бағытталған қарулы қақтығыстарды тоқтату үндеуімен анықталды. Таяу шығыс реттеу мәселелері келіссөздер арқылы шешілу керектігі

<sup>3</sup> Саттаров Т. Персидский залив: нефть и экономическое развитие. –Ташкент: Ташкентский государственный институт востоковедения, 2003.

баса көктеп айтылды. 2000 жылы 20 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясында Ресей Шығыс Иерусалимін және басқа да Палестина аймақтарын заңсыз израильдік жаулап алуын, бұл аймақтарда зорлық-зомбылық әрекеттерін, «әсіресе Израильдің Палестина азаматтық тұлғаларына қарсы шеттен тыс күш қолдануын» айыптаған қарары үшін дауыс берді. Қарар жаулап алынған палестиналық аймақтағы, оның ішінде Шығыс Иерусалимдегі израильдік қоныстардың заңсыз және бейбітшілікке қол жетудегі тосқауыл екендігін бекітті. Бұл қарар, сонымен қатар израильдік қоныстанушылар тарапынан туындаған зорлық-зомбылық әрекеттерін тоқтатуға үндеді. Ресейден басқа бұл қарар үшін Франция, Үндістан, Мексика, Украина, Армения, Әзірбайжан, Бельгия, КНДР, Финляндия дауыс берді. Дауыс беруден қалыс қалғандар қатарында Германия, Англия, Канада, Италия, Жапония, Балтық теңізі елдері мен басқа мемлекеттер болды. Қарарға қарсы Израиль, АҚШ, Маршалл аралдары, Науру, Тувалу және Микронезия дауыс берді.

XX ғасыр мен XXI ғасыр басын қамтыған аралықта әлемдік қоғамдастық осы жерде қатаң халықаралық, қазір болса қарулы күрестің, әлемдік нарықта аймақтық мұнай үшін, яғни «мұнай долларын» пайдалану үшін күрестің куәгеріне айналды.

Жаһандану үрдістері жүріп жатқанда, трансұлттық экономикалық өзара байланыстардың қалыптасқан, халықаралық қатынастардың жаңа өлшемдер пайда болған жағдайда, әлемдік дәлелденген мұнай қорының 43,9 %-ына және табиғи газдың 15,5%-ына ие Парсы шығанағының араб монархиялары соңғы онжылдықта аймақтық кеңістіктен әлемдік экономика мен таяушығыстық саясаттың орталығына қарай назарын шоғырландырды. Өзінің ерекшелігі, экономиканың қозғаушысы болып табылғандықтан Парсы шығанағы – жер шарының стратегиялық маңызды аймағы.

### Әдебиеттер

- 1 Олимпиев А.Ю. Ближний и Средний Восток: актуальные проблемы международных отношений. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.
- 2 Лосев С.А., Тыссовский Ю.К. Ближневосточный кризис: нефть и политика: новые политэкон. Факторы и их влияние на расстановку сил в регионе. – М.: Междунар.отношения, 1980.
- 3 Саттаров Т. Персидский залив: нефть и экономическое развитие. – Ташкент: Ташкентский государственный институт востоковедения, 2003.
- 4 Егоров-Тисменко И. Нефть и мировая геополитическая система // Энергия. – 2005. – № 1.

К.А. Жунис

### Большой Ближний Восток: региональная политика

В статье рассматривается политика США и России на Ближнем Востоке. Также «нефтяная политика» региональных государств во внешней политике ведущих держав мира.

**Ключевые слова:** Ближний Восток, США, нефть, Сектор Газа, Иерусалим.

K.A. Zhunys

### The Great Middle East: regional policy

The article deals with the U.S. and Russian policy in the Middle East. Also, "oil politics" of regional states in the foreign policy of the leading powers of the world.

**Keywords:** The middle East, the United States, oil, Gaza, Jerusalem.